

Тимирязев аудандық мәслихатының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 29/1 "2019-2021 жылдарға арналған Тимирязев ауданының аудандық бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 2019 жылғы 20 маусымдағы № 35/1 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 27 маусымда № 5455 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 04 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Тимирязев аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Тимирязев аудандық мәслихатының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 29/1 "2019-2021 жылдарға арналған Тимирязев ауданының аудандық бюджетін бекіту туралы" (2019 жылғы 18 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5160 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ келесі редакцияда баяндалсын:

"1. 2019-2021 жылдарға арналған Тимирязев ауданының аудандық бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2019 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 2 745 542 мың теңге:
 - салықтық түсімдер – 314 535 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер – 5 332 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 6 500 мың теңге;
 - трансферттер түсімі – 2 419 175 мың теңге;
- 2) шығындар – 2 748 437 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 2 981 мың теңге:
 - бюджеттік кредиттер – 15 150 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 12 169 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге, оның ішінде:
 - қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;
 - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 5 876 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 5 876 мың теңге;

қарыздар түсімі – 15 150 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 12 169 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 2 895 мың теңге.";

8-тармақ келесі редакцияда баяндалсын:

"8. 2019 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен 683 444 мың теңге сомасында нысаналы трансферттер келесі мөлшерлерде есепке алынсын:

1) 146 269 мың теңге – бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарының мұғалімдері мен педагог-психологтарының еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;

2) 5 418 мың теңге – жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді енгізуге;

3) 1 138 мың теңге – мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайтуға;

4) 2 638 мың теңге – техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар тізбесін кеңейтуге;

5) 230 мың теңге – Spina bifida диагнозымен мүгедек балаларды бір реттік қолданылатын катетерлермен қамтамасыз етуге;

6) 51 335 мың теңге – мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге;

7) 75 641 мың теңге – еңбек нарығын дамытуға, оның ішінде:

жалақыны ішінара субсидиялауға 3 574 мың теңге сомасында;

көшуге арналған субсидиялар беруге 21 894 мың теңге сомасында;

жастар практикасына 5 303 мың теңге сомасында;

тұрғын үйді жалға беру (жалдау) және коммуналдық шығындарды өтеуге 15 817 мың теңге сомасында;

жұмыс берушілерге арналған субсидиялар беруге 18 180 мың теңге сомасында;

ақпараттық жұмысына 15 мың теңге сомасында;

жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыру үшін қоныс аударушыларға 10 858 мың теңге сомасында гранттар беруге;

8) 268 417 мың теңге – азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге;

9) 108 381 мың теңге – білім объектілерін күрделі жөндеуге;

10) 23 977 мың теңге – мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге.";

13-тармақ келесі редакцияда баяндалсын:

"13. Ауданның атқарушы органының 2019 жылға арналған резерві 372 мың теңге сомасында бекітілсін.".

Көрсетілген шешімнің 1, 5, 8, 10 қосымшалары осы шешімнің 1, 2, 3, 4 қосымшаларына сәйкес жана редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың
XXXV сессиясының төрағасы

Аудандық мәслихаттың
хатшысы

С. Жүкеев

С. Мұстафин

Тимирязев аудандық мәслихатының 2019
жылғы 20 маусымдағы № 35/1 шешіміне 1
қосымша

Тимирязев аудандық мәслихатының 2018
жылғы 26 желтоқсандағы № 29/1 шешіміне 1
қосымша

2019 жылға арналған Тимирязев ауданының бюджеті

Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			1. Кірістер	2 745 542
1			Салықтық түсімдер	314 535
	01		Табыс салығы	8 400
		2	Жеке табыс салығы	8400
	03		Әлеуметтік салық	120 000
		1	Әлеуметтік салық	120 000
	04		Меншікке салынатын салықтар	115 845
		1	Мүлікке салынатын салықтар	79 202
		3	Жер салығы	1 224
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	18 869
		5	Бірыңғай жер салығы	16 550
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	65 990
		2	Акциздер	1 650
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	60 500
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	3 840
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	4 300
		1	Мемлекеттік баж	4 300
2			Салықтық емес түсімдер	5 332
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	3 332
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	3 319
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	13

	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	2 000
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	2 000
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	6 500
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	6 500
		1	Жерді сату	6 500
4			Трансферттердің түсімдері	2 419 175
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2 419 175
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2 419 175
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			2. Шығыстар	2 748 437
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	291 223
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	16 035
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	16 035
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	87 145
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	87 145
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	148 510
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	148 510
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	25 173
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	24 355
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	508
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	310
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	14 360

		001	Жергілікті деңгейде сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14 360
2			Қорғаныс	4 986
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	4 986
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	3 525
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	500
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің , сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	961
4			Білім беру	1 853 296,2
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	60
		005	Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	60
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1 821 677,2
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 947
		003	Жалпы білім беру	1 531 303,2
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	17 556
		006	Балаларға қосымша білім беру	47 515
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	584
		009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	51 089
		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынғы ақшалай қаражат төлемі	5 021
		023	Әдістемелік жұмыс	14 058

		029	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	12 367
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	22 856
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	109 381
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	31 559
		017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	31 559
6			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	240 345
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	237 814
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	21 417
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	104 906
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	56 376
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	5 569
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	819
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	273
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	18 244
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	23 799
		050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту	6 411
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2 531
		030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	2 531
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	861
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	40

		014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	40
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	821
		008	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	800
		020	Кондоминиум объектілеріне техникалық паспорттар дайындау	21
8			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	119 799
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	18 996
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	18 996
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	66 800
		001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8 028
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	23 434
		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	34 662
		007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	676
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	20 906
		001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 354
		002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	6 400
		003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	5 152
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	13 097
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7 696
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	480
		007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	4 921

10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	88 408
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	7 760
		099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	7 760
	462		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	21 632
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	21 632
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	9 433
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 433
	473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	49 583
		001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11 747
		005	Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету	248
		006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	514
		007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	980
		047	Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	1 165
		009	Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу	2 951
		011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	31 978
12			Көлік және коммуникация	30 938
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	30 938
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	29 340
		039	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар	1 598

			бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	
13			Басқалар	11 634
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	2 895
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	372
		026	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 289
		066	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 234
	469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	8 739
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8 739
14			Борышқа қызмет көрсету	13
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	13
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	13
15			Трансферттер	1 06 933,8
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1 06 933,8
		006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	114,8
		024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	98 793
		038	Субвенциялар	4 800
		051	Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер	3 226
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	2 981
			Бюджеттік кредиттер	15 150

10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	15 150
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	15 150
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	15 150
Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	12 169
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	12 169
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген, бюджеттік кредиттерді өтеу	12 169
			4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
Функционалдық топ	Әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	-5 876
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	5 876
Санаты	Сыныбы	І ш к і сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
7			Қарыздар түсімдері	15 150
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	15 150
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	15 150
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
16			Қарыздарды өтеу	12 169
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	12 169
		005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	12 169
Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
8			Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	2 895
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	2 895
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	2 895

2019 жылға арналған Тимирязев ауданындағы ауылдық округтер бойынша бюджетінің ағымдағы бюджеттік бағдарламаларының тізбесі

Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Кіші бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
				2. Шығыстар	167 606
1				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	148 510
	123			Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	148 510
		001		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	148 510
			011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	20 295
			015	Жергілікті бюджет қаражаттарының есебінен	128 215
4				Білім беру	60
	123			Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	60
		005		Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	60
			015	Жергілікті бюджет қаражаттарының есебінен	60
7				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	40
	123			Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	40
		014		Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	40
			015	Жергілікті бюджет қаражаттарының есебінен	40
8				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	18 996

	123			Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	18 996
		006		Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	18 996
			011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	3 941
			015	Жергілікті бюджет қаражаттарының есебінен	15 055

Кестенің жалғасы

Ақсуат ауылдық округі	Белоградов ауылдық округі	Дзержинский ауылдық округі	Докучаев ауылдық округі	Дмитриев ауылдық округі	Интернационал ауылдық округі	Есіл ауылдық округі	Комсомол ауылдық округі
13840	9589	8909	9906	12003	12942	8703	8720
13840	9589	8909	8464	12003	9442	8703	8720
13840	9589	8909	8464	12003	9442	8703	8720
13840	9589	8909	8464	12003	9442	8703	8720
2626	1418	1129	993	1616	1431	1134	1071
11214	8171	7780	7471	10387	8011	7569	7649
					40		
					40		
					40		
					40		
			1442		3460		
			1442		3460		
			1442		3460		
			261		773		
			1181		2687		

Кестенің жалғасы

Ленин ауылдық округі	Мичурин ауылдық округі	Москворецк ауылдық округі	Ақжан ауылдық округі	Құртай ауылдық округі	Хмельницкий ауылдық округі	Целинный ауылдық округі
11667	14945	10385	10527	10510	15630	9330
9760	13491	9616	9051	9330	9192	8400
9760	13491	9616	9051	9330	9192	8400
9760	13491	9616	9051	9330	9192	8400
1290	2373	1098	1074	1352	684	1006
8470	11118	8518	7977	7978	8508	7394
				60		

				60		
				60		
				60		
1907	1454	769	1476	1120	6438	930
1907	1454	769	1476	1120	6438	930
1907	1454	769	1476	1120	6438	930
576	253	107	267	127	1348	229
1331	1201	662	1209	993	5090	701

Тимирязев аудандық мәслихатының 2019 жылғы 20 маусымдағы № 35/1 шешіміне 3 қосымша

Тимирязев аудандық мәслихатының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 29/1 шешіміне 8 қосымша

2019 жылға арналған 451-007 бағдарламасы бойынша "Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек" жергілікті өкілетті органдар шешімі бойынша жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға төлем тізбесі

№ р/ н	Төлемдер түрлері	Сомасы (мың теңге)
1	Табиғи зілзала немесе өрт салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне залал келтіру	253
2	Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері	505
3	Екінші рет некеге тұрмаған, қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (күйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізушілердің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен марапатталған, жалпы ауруға шалдығу, еңбекте мертiгу және басқа да себептер (құқыққа қайшы келетіндерін қоспағанда) салдарынан мүгедек деп танылған азаматтардың әйелдері (күйеулері)	26
4	Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталған адамдар	38
5	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік	455

	тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яғни ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталған жұмысшылар мен қызметшілер	
6	Бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасылары	50
7	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы аумағында саяси қуғын-сүргіндерге тікелей ұшыраған және қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын адамдар	38
8	1986-1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдар	114
9	"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен, I, II дәрежелі "Ана Даңқы" ордендерімен марапатталған немесе бұрын "Ардақты ана" атағын алған көп балалы аналар	1591
10	Қазақстан Республикасына ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдар, облыстық маңызы бар дербес зейнеткер мәртебесіне ие зейнеткерлер, облыстың, (қаланың, ауданның) құрметті азаматтары	390
11	Ата-аналармен немесе олардың орнындағы адамдармен бірге бас бостандығынан айыру орындарында, айдауда, жер аударуда немесе арнайы қоныс аударуда болған саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының балалары, сондай-ақ қуғын-сүргін кезінде он сегіз жасқа толмаған және оның қолданылуы нәтижесінде ата-анасының немесе олардың біреуінің қамқорлығынсыз қалған саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының балалары	141
12	Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің, сондай-ақ жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдардың тіс протездеуге мұқтаждығы	77
13	Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің, сондай-ақ жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдардың Қазақстан Республикасының санаторийлерінде және профилакторийлерінде санаторлық-курорттық емделуге мұқтаждығы	253
14	Амбулаторлық емделуде жатқан азаматтарда туберкулездің белсенді түрінің болуы	1454
15	Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің коммуналдық қызметтерді төлеу және отын сатып алу үшін шығынның орнын толтыруға мұқтаждығы	121
16	Адамның (отбасының) ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінің бір еселік шегінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табысының болуы	63
	Барлығы	5569

Тимирязев аудандық мәслихатының 2019 жылғы
20 маусымдағы № 35/1 шешіміне 4 қосымша

Тимирязев аудандық мәслихатының 2018 жылғы
26 желтоқсандағы № 29/1 шешіміне 10 қосымша

2019 жылға арналған ауылдық округтер арасындағы өзін-өзу басқару органдарына трансферттерді бөлу

№ p/c	Ауылдық округтің атауы	Сомасы (мың теңге)
1	Аксуат ауылдық округі	350
2	Ақжан ауылдық округі	226

3	Белоградов ауылдық округі	200
4	Докучаев ауылдық округі	200
5	Дзержинский ауылдық округі	200
6	Дмитриев ауылдық округі	300
7	Есіл ауылдық округі	150
8	Интернационал ауылдық округі	200
9	Комсомол ауылдық округі	200
10	Құртай ауылдық округі	200
11	Ленин ауылдық округі	200
12	Москворецк ауылдық округі	200
13	Мичурин ауылдық округі	200
14	Хмельницкий ауылдық округі	200
15	Целинный ауылдық округі	200
	Барлығы	3226

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК